

Материалдарды іріктеу және жіктеу



Іріктеу




- Илеуіш және илеуішті анализ. Іріктеуші аппараттарының негізгі бөлігі – жұмыс беті табылады, олар сымнан жасалған тор, болат кедір-бұдыр беттер немесе параллелді стержендер түрінде дайындалады.

Іріктеушінің құрылымы


- Барабанды іріктеуіш
- Тербелмелі іріктеуіш
- Вибрациялық іріктеуіш



Барабанды іріктеуіш



Сур.93. Барабанды илеуіштің сызбасы: 1-барбан, 2- орталық білік




Сур.94. Қозғалмалы илеуіштің сызбасы: 1- эксцентрик, 2- корпус бағанасы, 3- бекітпе бағанасы

- **Материал барабанның 1 үстінгі жақ шетінен енгізіледі, тор астындағы өнім ортаңғы білікте 2 айналатын барабандағы саңылау арқылы шығарылады. Барабанның осі көкжиекке $4-7^\circ$ бұрышпен еңіс орналасқан. Барабанды іріктеуіштер ұсақтан іріге дейін іріктеуде де қолданылады, бұл жағдайда барабан илеушінің алынуы соңына қарай, саңылаулары артатын бірнеше секциялардан құрастырылады. Ал, бураттар деп аталатын призмалы барабанды іріктеуіштер сирек қолданылады.**

Артықшылығы мен кемшілігі

- Кемшіліктері: Өте үлкен, өнімділігі төмен, ұсақтау эффекивтілігі аз.
- Артықшылығы: Құрылғы қарапайым, жұмыс істеу функциясы оңай.

Тербелмелі іріктелушілер



- Илеуші беті еріксіз тербеліс жасайды, ол келтіруші эксцентриктің 1 бекітпе немесе тіреуші бағандарға 3 немесе шарнирлерге бекітілген корпуспен 2 кинематикалық байланысына негізделген.

Артықшылықтары мен кемшіліктері

- Кемшіліктері: Құрылғы тепе-тең емес, тіреуші бағандар тез тозады.
- Артықшылықтары: Іріктеу эффективтілігі жоғары, материал үгітілмейді

Вибрациялық іріктеуіш



- Негізгі бөлігі болып бір немесе екі илеуіші бар 2 корпус 1 табылады. Ол эксцентрлі білік 3 көмегімен тік жазықтықта айналмалы қозғалыс жасайды. Іріктеушінің илеуіші біліктің айналымында өзіне параллельді түрде жылжиды. Илеуіш корпусының соңдары серіппелі амортизаторлары 5 бар қозғалыссыз жақтаумен 4 қосылады. Корпус айналғанда туатын инерцияның центрден тепкіш күштері симметриялы орналасқан дисклердегі 7 жүктермен 6 теңеседі.

Артықшылықтары мен кемшіліктері

- Кемшіліктері: Вибратордың әсері, құрылғының күрделі құрлысы
- Артықшылықтары: Төпе – теңдік болуынан құрылғы тыныш болуы, іріктеудің жоғарғы тиімділігі

